

"Арнаулы мемлекеттік органның қызметкери қаза тапқан (қайтыс болған), оған мүгедектік белгіленген немесе мертіккен жағдайда берілетін біржолғы өтемақыларды төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қазандағы № 1301 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 906 қаулысы.

1. "Арнаулы мемлекеттік органның қызметкери қаза тапқан (қайтыс болған), оған мүгедектік белгіленген немесе мертіккен жағдайда берілетін біржолғы өтемақыларды төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қазандағы № 1301 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 74, 1083-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Арнаулы мемлекеттік органның қызметкери қаза тапқан (қайтыс болған), оған мүгедектік белгіленген немесе мертіккен жағдайда берілетін біржолғы өтемақыларды төлеу қағидаларында:

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңның 77-бабына сәйкес біржолғы өтемақы алуға құқылы курсанттарға, тындаушыларға немесе адамдарға, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен курсанттың, тындаушының қаза табуы (қайтыс болуы) немесе оның мертігуі:

1) өзіне-өзі қол жұмсауға жеткізген жағдайларды қоспағанда, өзіне-өзі қол жұмсау нәтижесінде;

2) ол қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған кезде;

3) алкогольден, есірткіден, уытқұмарлықтан (оларға ұқсас заттардан) мас болуды туыннататын заттарды пайдалану немесе қолдану нәтижесінде;

4) біржолғы өтемақы алу немесе қызметтен жалтару мақсатымен өзіне қасақана қандай да бір дene закымын келтіру (дene мүшесін закымдау) немесе өз денсаулығына өзгедей зиян келтіру нәтижесінде;

5) курсанттың, тындаушының қызмет өткеру туралы келісімшарттың талабын бұзған іс-эрекеті нәтижесінде болғаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дәлелденсе, біржолғы өтемақы төленбейді.";

10-тармақтың 4), 5), 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4) арнаулы (әскери) оқу орнының курсанты, тындаушысы не ол қызмет өткеруі кезеңінде алған жарақаты (контузия алуы), ауыруы салдарынан қызметтен босатылғаннан кейін қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оның мұрагерлеріне 500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) арнаулы (әскери) оқу орнының курсантына, тыңдаушысына арнаулы мемлекеттік органдарда қызметін өткеру кезеңінде алған немесе арнаулы мемлекеттік органдарда қызметін өткерумен байланысты контузия алуы, мертігуі, ауыруы салдарынан мүгедектік белгіленген жағдайда қызметтен босатылған күнінен бастап бір жыл өткенге дейін мынадай:

I топтағы мүгедекке – 250 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

II топтағы мүгедекке – 150 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

III топтағы мүгедекке – 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

6) арнаулы (әскери) оқу орнының курсанты, тыңдаушысы арнаулы мемлекеттік органдарда қызметтік міндеттерін атқару кезінде мүгедектікке әкеп соқтырмаған ауыр жарақат (жаралану, зақымдану, контузия) алған жағдайда:

ауыр жарақат үшін – 12 айлық есептік көрсеткіш;

женіл жарақат үшін – 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы өтемақы төлеуді жүргізеді.".

2. Осы қауалы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министри*

B. Сагынтаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК